

Абай Құнанбаев—қазақ халқының ұлы ақыны

(Қайтыс болғанына 45 жыл толуына)

Қазақ халқының ұлы ақыны, ойшылы, қоғам қайраткері, демократы, ағартушы Абай Құнанбаев 1845 жылы 10 августа Семей облысы, Шыңғыстау ауданында (қазіргі Абай ауданы) туды. Абай 10 жасқа келгенде, оны әкесі Семей қаласына әкеліп, медресеге оқуға берді. Онда оқу ескіше, ылғый дін сабақтары болатын. Ол арап, парсы, шағатай тілдерде жүргізілетін. Бұл Абайды өзіне тартпайды, қызықтырмайды. Сөйтіп, Абай өз бетімен, өзі сүйген кітаптарын оқуға, көп ізденуге салынады.

Осы медреседе үшінші жыл оқығаннан кейін Абай өз төтесімен Семей қаласындағы «Приходская школа» түсіп, орысша да оқу бастайды. Бірақ, мұндағы оқу ұзақ болмайды. Басы-аяғы үш-ақ аймен бітеді. Өйткені, он үш жасқа толғаннан кейін әкесі Абайды оқудан шығарып әкетеді. Ол ел билеу жұмысында өзіне серік қылмақ болады.

Қаладағы оқуда шығыс ақындарын сүюді, ақындықты сүюді ала келген Абайға, енді бір тәрбиеші, ұстаз қазақтың халық қазнасы болып табылады. Ол халықтан шыққан шешендердің, ақындардың, әңгімешілердің әңгімелерінен, жырларынан елзары, кедейлерге әкімдердің зорлығы, қыздардың мұны сыяқтыны көп естіді. Абай өзі өмір сүрген ортаның залалды әдет-ғұрыптарына, еңбекші бұқараны қа-

наушыларға жанымен қас болды.

Абай 1870 жылдарда Петербурgtан айдальш келген Михальис, Долгополов, Гросс және басқа сол сыяқты революционерлермен танысады. Олар Абайды ұлы орыс халқының классиктерінің шығармаларымен таныстырады.

Бұрын қолына түскеннің бәрін талғаусыз оқып жүрген Абай ендігі оқуын Михальистің ұсынысы бойынша, үлкен тәртіпті ретке қойып, көркем әдебиет, сын философия, табиғат ғылымдары, әлеумет жайындағы кітаптарға дейін тарау-тарауымен, жоспарымен оқыйтын болады. Кейінгі кездерде Абай «дүниеге көзімді ашқан Михальис» деп оған жиі-жиі алғыс айтып отырған.

Абай, өз айтуыраша, 30дың ішінен бастап, Европа оқымыстыларының кітаптарын көп оқып, 40қа таман келген уақытта әрнәрседен көп мағлұматы бар адам болады. Абай қазақтың ірі феодал табынан шыққан. Бірақ, ол өзінің ісінде болсын, өлең-жырларында болсын, өзі шыққан таптың сөзін сөйлемейді, халық сөзін сөйлейді, тап намысын жоқтамайды, халық намысын жоқтайды.

Абай жуандар тобына қарсы шығумен, олардың мінін сынаумен қатар ел арасындағы барлық ескілік сарқынына қарсы болды. Әйел жөніндегі, тәлім-тәрбие жөніндегі ескі көз қарасқа, ескі салтқа қарсы шы-

ғып, аябай күресті.

Абай патшаның парақор ұлықтарына, ояздарына, бастықтарына, адвокаттарына, төрелеріне, тілмаштарына табынған атқамінерлер — қоғамдық тіршілікті ылайлаған, улаған залымдарға қарсы қаламын найзаша түйрейді. Ол патшаның қазақ даласындағы агенттері-болыс, старшин, ояз бастықтары, би, елубасыларға қарсы мейрімсіз сөзін аяған жоқ. Сөйтіп, қазақ халқын бір жағынан патшаның чиновниктері қысса, екінші жағынан өз ішіндегі атқамінерлері, би—болыстары қысып, тонайтының әбден түсіліп, шын жүрегімен, мейрімсіз сынап жазды.

Қазақ халқының ақыны Абай өзінің «Қараша» деген өлеңінде байлардың еңбекшілерге көрсеткен зорлығын қатты сөгіп, ауыл кедейлерінің тұрмысын, ауылдың жанашырлық көрінісін айқын суреттейді:

Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты.
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.
Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Тоңған иін жылытып, тонын илеп,
Шекпөң тігер, қатыны бүрсең қағып.

Қазақ халқын орыс халқының мәдениетінің өнер білімін үйренуге, адам баласын бауыр көруге үгіттеу жағынан Абай тек қазақ арасында ғана үздік алда болған жоқ, сонымен қатар қазақ сыяқты елдердің көбіндегі замандастарынан да үздік болды. Ұлы орыс халқының мәдениетін, әдебиетін сүйген Абай, орыстың классик ақындарының шығармаларын қазаққа таныстыру мақсатымен Крыловтың, Пушкиннің, Лермонтовтың өлеңдерін қазақ тіліне аударды.

Орыс классиктерінің Абай аударған өлеңдерін қазақ халқы Абайдың өз өлеңдерінен көм сүйсініп оқыған жоқ. Абай аударған Татьяна, Онегиннің хаттары қазақ арасында жыршылар, әншілер арқылы ауыздан-ауызға көшіп, халық фольклорына айналып кетті.

Абай халықтың шын ұлы. Ол өмір бойы халқының қайғы шерін жазып, мейірін көтеру жолында қызмет етті. Абай халқына тек өз тұсында ғана қызмет етіп қойған жоқ, ол өзінің жарқын бейнесімен, асыл сөздерімен бүгін де қызмет етіп отыр.

Абай қазақтың жаңа әдебиетін-мағнасын терең, тілі орамды, өрнегі шебер, кестесі көркем әдебиетін жасады. Шын мағнасында өлең өнерінің биік іргесін қалады.

Қазақтың данышпан, кемеңгер ақышы Абай Құнанбаев 1904 жылы, 23 люньде, 60 жасында қайтыс болды. Ақынның сүйегі өзінің қыстауы — Жидебайға қойылды. Ал, Абай арман еткен білім-ғылым қазақ халқының арасында Октябрь революциясынан кейін ғана тарады. Ұлы орыс халқының зор көмегінің арқасында, Ленин — Сталин партиясының басшылығымен аз жылда қазақ халқы өзінің қазақтың советтік социалистік республикасын құрып, мәдениетті, іргелі елге айналды. Совет жазушысы Мұхтар Әуезов ұлы ақын Абай туралы тарихи, терең мағналы, көркем роман жазып, Сталиндік сыйлық алды. Қазір ұлы ақынның бейнесі біздің заманымызда оның тірі күндегісінен айқын, жақын. Оның әдебиет мұрасы бүкіл совет халықтарының әдебиет қазнасына айналып отыр.

Е. ЖҰРСІНОВ,

ҚК(б)П обкомінің үгіт—насихат бөлімінің меңгерушісі.